

Телебағдарлама

● www.almaty-akshamy.kz

● e-mail: almaty-aksham@mail.ru

**СӨРСЕНБІ
24 ЖЕЛТОҚСАН**

«ЕЛІМНІҢ ЕРКІНДІГІ – ТӘУЕЛСІЗДІК»

Жақында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мен Алматы университеті ғылым және магистратура бөлімінің бас маманы Ұлбосын Қияқбаеваның ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігі күніне арналған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты тақырыптық кеш болып өтті.



Қазақ – тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық. Көне дәуірдегі сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, атажұртта қара шаңырақты сақтап қалған халық. Сондықтан Қазақстанның Тәуелсіздігі – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына егеменді ел болған күні. Сондай-ақ, биыл Желтоқсан көтерілісіне 28 жыл толып отыр.

Иә, Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Отанның азаттығынан, Тәуелсіздігінен асқан дәулет жоқ. Тасқа қашалған тарих та, көне дәуірден жеткен даусыз дерек те ерте заманның өзінде қазақ жерінде іргелі мемлекет болғандығын, оның өзіне лайық шаруашылығы, терең мәдениеті болғандығын кешке шақырылған қонақтар – Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, жазушы, филология ғылымдарының докторы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Нұрдәулет

Ақыш, жазушы-публицист, тарих ғылымдарының кандидаты, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының президенті Бейбіт Қойшыбаев, «Алматы ақшамы» газеті бас редактордың орынбасары, ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ҚР мәдениет қайраткері Құттыбек Аймахан, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының сыртқы байланыс, ақпарат және ғылыми кластер бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әуезхан Шашаев, Алматы университеті ғылым және магистратура бөлімінің бас маманы, педагогика ғылымдарының кандидаты Ұлбосын Қияқбаева қатысып, 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы мағыналы сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.

Жастардың Қазақстан тарихына алтын өріптермен жазылған тоталитарлық жүйеге қарсы шығуы – біздің халқымыздың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы, оның қазіргі әлемдегі өз рөлі мен орнын қайта пайымдауындағы, шын мәніндегі Тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке қол жеткізудегі маңызды кезең болғанын кешке қатысушылар бәрі атап өтті.

Сондай-ақ Тәуелсіздігіміздің ең басты құндылығымыз екенін Алматы университеті қазақ тілі мен әдебиетінің студенттері Нұрахмет Әліп, Қоныс Андосов, Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері Гүлдана Ахметжан, Аманжан Құспановтар Тәуелсіздік туралы өлеңдерін оқып, әндерімен жеткізе білді.

Кітапханада осы кешке арнап Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы құжаттар жинақталған «Мәңгілік жансын бағын, Тәуелсіз Қазақстан!» атты тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған Абай атындағы ҰПУ және Алматы университетінің студенттері мен оқытушылары, ғылыми қызметкерлері, кітапхана оқырмандары қатысты.

Қорыта айтқанда, «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты тақырыптық кештің оған қатысқан жастар үшін маңызы зор болды.

Әлия ОРАЗОВА,

ҚР Білім және ғылым министрлігі республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ғылыми қызметкері.